

Сыр сандық



Жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттері

Жоспары

- 1. Еңбек қатынастарындағы қызметкердің құқықтары мен міндеттері
- 2. Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері

Еңбек құқығының субъектілері



Қызметкер

Жұмыс беруші

Еңбек құқығының субъектілері дегеніміз – еңбек құқықтық қатынастарда құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар.

Қызметкер ретінде 16 жасқа толған кез келген ақыл есі дұрыс азаматтар танылады.

Жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын заңды және жеке тұлға.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК
КОДЕКСІ



Қызметкердің

Құқықтары:

- Еңбек шартын жасауға, өзгертуге, бұзуға
- Жұмыс берушіден еңбек, ұжымдық шарттың талаптарын орындауды талап етуге
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға
- Уақытылы және толық көлемде жалақы төленуіне
- Бос тұрып қалу үшін ақы алуға
- Тынығуға, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына
- Кәсіптік даярлықтан, қайта даярлықтан өтуге, біліктілікті арттыруға
- Кепілдіктер мен өтемақы төлеміне

Міндеттері:

- еңбек шарты мен ұжымдық шарттың талаптарын орындауға
- еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі мен санитария талаптарын сақтауға
- Жұмыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға
- Қызметтік құпияны жария етпеуге
- Жұмыс берушіге келтірген зиянды өтеуге

Қызметкердің құқықтары (жалғасы):

- Еңбек дауын шешу үшін келісім комиссиясына немесе сотқа жүгінуге
- Өзінің денсаулығы мен өміріне қауіп төнген жағдайда жұмыс берушіні хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға
- ҚР заңдарында көзделген тәртіппен ереуілге қатысуға құқығы

Жұмыс берушінің

Құқықтары :

- Жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне
- Еңбек шартын өзгертуге, толықтыруға, бұзуға
- Өз өкілеттігі шегінде актілер шығаруға
- Қызметкерден еңбек тәртіптемесін сақтауды талап етуге
- Қызметкерді көтермелеуге, оларға тәртіптік жаза қолдануға, материалдық жауапкершілікке тартуға
- Сынақ мерзімін белгілеуге
- Кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыруға кеткен шығындарды өтеуге
- Еңбек дауын шешу үшін келісім комиссиясына немесе сотқа жүгінуге

Міндеттері :

- Еңбек заңнамасының, ұжымдық, еңбек шартының талаптарын сақтауға
- Қызметкерлермен еңбек шартын жасасуға
- Жұмысқа қабылдау кезінде қажетті құжаттарды талап етуге
- Қызметкерге еңбек шартында ұсынылған жұмысты ұсынуға
- Жалақыны уақытылы және толық көлемде төлеуге
- Қызметкерлерді арнайы жабдықпен, аспаптармен, техникалық құралмен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге
- Қызметкерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға
- Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге
- Қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға міндетті



Виен диаграммасы

● 1 тапсырма

2002 жылғы туылған азамат Түрдиев “Олимп” букмекер кеңсесіне жұмысқа орналасты. Жұмысқа орналасу үшін қажетті құжаттарды тапсырды және жұмыс берушімен еңбек шартын жасасты.

Кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты еңбек заңнамасының талаптары сақталғанба? Еңбек шарты заң талабына сәйкес жасасқанба?

● 2 тапсырма

“Диас” мейрамханасына 2003 жылғы азамат Ахметов даяршы болып түнгі уақыттағы жұмысқа орналасады. Мейрамхана басшысы Ахметовпен еңбек келісім шартын белгісіз себептерге байланысты жасаспайды.

Жұмыс берушінің әрекеті заң талаптарына сай ма?